



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсарин мектептер мен кітапханаларды қазақ халқының мәдениеті мен ағартушының ошағына айналдыруға ұмтылды. Оның басшылығымен оған бағынышты оқу орындарында оқу – тәрбие жұмысында кітапхана қорларын пайдалану бойынша жақсы дәстүрлер қалыптасты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин И. Собр. 3 томдық шығарма: Т. 1. Алма-Ата, 1975 ж. 359 б.
2. В.Измаилов Халық педагогикасы: Орта Азия және Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарастары М., 1991 .
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1992 ж.
4. Галиев В.З. Қазақстандағы Кітапхана ісі: XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басы. Алматы: [Қазақстан Ұлттық кітапханасы], 1988 ж. 140 б.
5. Жұмағұлов Қ.Т. Ыбырай Алтынсарин және қазақ халқының мәдениетін дамыту. Алма-Ата. 1984. 204 б.
6. Ситдыков А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. Алматы: Мектеп, 1968 ж. 148 б.

ӘӘЖ 37.01

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ СПАНДИЯР КӨБЕЕВ МҰРАЛАРЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ СИПАТЫ

*Булкбаева Жумаш Советовна
педагог – зерттеуші
қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп – гимназия – интернаты» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: bulekbaeva69@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада жас ұрпақты тәрбиелеуде Спандияр Көбеевтің ағартушылық мұрасының рөлі ашылады. Ыбырай Алтынсариннің ізін жалғастырушы Спандияр Көбеевтің еңбектеріне талдау жасай отырып, тәрбиелік сипаты мысалдармен озық педагогикалық жаңашыл ретінде баяндалады.

Түйінді сөздер: білім беру, Спандияр Көбеев, педагогика, мұра.

Аннотация

В статье Жумаш Булекбаевой раскрывается роль наследия казахстанского просветителя Спандияра Кубеева в воспитании подрастающего поколения. В исследовании отмечается воспитательный характер, передовые технологии, новаторский характер работ Спандияра Кубеева, который был настоящим приемником Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: образование, Спандияр Кобеев, педагогика, наследие.

Abstract

Zhumash Bulekbaeva – The article reveals the role of Spandiyar Kobeev's educational heritage in the education of the young generation. Analyzing the works of Spandiyar Kobeev, who followed in the footsteps of Ibray Altynsarin, the educational character is described as an advanced pedagogical approach with examples.

Key words: education, Spandiyar Kobeev, pedagogy, heritage.

Тәуелсіз Қазақстан қазіргі кезде әлем қауымдастығынан өзінің дамуы мен қалыптасу тенденциясына сәйкес орын алуға ұмтылуда. Өткенді зерделеу, ұлы тұлғалардың мұраларын саралау, дүниетанымын зерттеу, көзқарастарына баға беру бүгінгі білім мен ғылым алдындағы жауапты міндеттердің бірі болып табылады.

Әр заман, тарихи әр кезең, әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін дүниеге әкеледі. Өркениетімізге рухани мұра қалдырған қазақ ағартушыларының бірі – С.Көбеев.

Спандияр Көбеев ағартушылық қызметі жайында бірқатар зерттеу мақалалар, еңбектер басылып шыққан. Атап айтқанда, жазушының әдебиеттік еңбегі мен шығармалары жөнінде М.Әуезовтің «Орыс реализмінің дәстүрі мен қазақ әдебиеті», С.Мұқановтың «Жазушы педагог» деген мақалаларында, Б.Шалбаевтың «Қазақтың алғашқы романы» деген мақаласы мен «Қазақтың революциядан бұрынғы прозасы мен романының тарихы» деген кітапшасында, С.Қирабаевтің «Қазақтың тұңғыш романы» деген мақаласы мен «С.Көбеевтің жазушылық қызметі» (қолжазба) деген диссертациясында, Көбеевтің өзінің «Орындалған роман» атты шығармасында, орта мектеп оқу кітаптарында айтылған. Спандияр Көбеев – 1903 жылдан бастап өзінің барлық саналы ғұмырын,

күшін, білімін халық ағарту ісіне, оқытушылық жұмысқа арнаған білікті де білгір педагог. Мәлік Ғабдуллин ағартушы жайында мақаласында «1950 жылы «Орындалған арман» деген атпен мемуарлық көлемді шығармасын жазып, баспаға берді. Қазір «Педагогика мәселелері» деген педагогикалық еңбек жазып жүр. Біз бұдан Спандияр Көбеевтің оқытушылық саласымен белсенді шұғылданған жан болғанын аңғарамыз. [1, б. 253]

Спандиярдың жазушылық өнегесінде Ыбырай Алтынсарин тәрбиесі айрықша сезіледі. Ол да, оның замандасы, ақын және аудармашы Бекет Өтетілеуов те Ыбырай мектебінің түлектері еді. Олар алған білімін жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсаған ұстаздар болды да, осы жолда ағарту ісіне көркем әдебиетті пайдалана білді. Өздері шығармалар жазды, орыс және әлем әдебиеті үлгілерін қазақшаға аударды. Ыбырай үлгісімен оқу құралдарын жазды. Мұның бәрі үлкен әдебиетке баратын жол еді. Және ол әдебиеттің ағартушылық бағытын тереңдете ұстанған жалпы әдеби дамудың бір саласын құрады.

Оқушыға білім беру мен тәрбиелеу – бір – бірінен айырғысыз құбылыстар. Тәрбие сабақ барысында ғана емес, сабақтан тыс кезде де жүргізіліп жататын үдерістер.

Спандияр Көбеев мұғалім мектептің тұлғасы, әрі тәрбиеші, балалардың ой – санасының дұрыс қалыптасуын, мінез – құлқының жақсы болып өсуін, мәдениетті, әдепті, сыпайы болуын, сол сияқты баланың дене тәрбиесіне көңіл бөлуін оның бүкіл халық алдында, Отан алдында жауапты екенін ескертеді. «Балалардың тәрбиелі болып өсуі, – дейді Көбеев, – ең алдымен үйдегі тәрбиеге, ата – ана тәрбиесіне, өнегесіне байланысты болса, мектеп жасына толғаннан кейін баланың жасы тәрбиені керек ететін шағы – оның бала уақыты, ересек кезі. Ал бұл кезде ол көбінде мектепте болады. Ол мектепте болған кезде оны тәрбиелеуші – мұғалім».

Мұғалімнің берген ақылы – әрбір жанның өміріне дұрыс жол сілтер шамшырағы. Ұлы ой иелері де, қоғам қайраткерлері де, жүрегінде арман оты алаулаған жеткіншектер де аяулы ұстаздарға әр кез қарыздар. «Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, әрбір ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі болмақ. Қоғам тұлғаны қаншалықты дәрежеде жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамыта біледі.

С.Көбеевтің өз заманында барша қазақ баласының сауатын ашуға мақсатталған қызметтері, кейінгі ұрпақтарға аманат еткен мұралары білім беру саласында қашан да болса өзектілігін жоғалтпайды.

Ол ақын, ойшыл, нағыз ұстаз және өз халқының патриоты ретінде тәрбиелік идеяларды айтып қана қоймай, оларды іс жүзінде табанды еңбекқорлықпен жүзеге асыра білді.

Спандияр Көбеевтің тек оқу – ағарту майданында ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетінің тарихында да елеулі орын алады. Оның ағартушылық, педагогтік және жазушылық қызметі өзі өмір сүрген заманның талабынан туды, халықтың рухани тілегіне жауап берді.

С.Көбеев қазақ ауылындағы надандық, өзге де кереғар мінез – құлықты сынау, шенеу, әшкерелеу мақсатында Крылов мысалдарын аударған. Спандияр Көбеевтің ағартушылық, аудармашылық қызметі де осы негізде туды. Оның Крылов мысалдарын көбірек аударып, бұрынғы аударылғандарын қайта қарап, бөлек кітап етіп бастырып шығаруға талаптануы – 1908–1909 жылдары басталған еді. 1910 жылы бұл аудармалар «Үлгілі тәржімә» деген атпен Қазанда ағайынды Каримовтардың баспасында басылды. [1, б. 46] «Үлгілі тәржімаға» кірген» Спандияр жасаған 44 аударма және автордың «Мекен» атты бір өлеңі енген. Біздің байқауымызша, «Үлгілі тәржімаға» Крыловтан аударған 37 мысал, қалған 7 мысал сол кездегі оқу құралдарына көбірек пайдаланылып жүрген көп авторға ортақ мысалдар. Олар Ушинскийдің де, Л.Толстойдың да, Ыбырай Алтынсариннің де хрестоматиясында да ұшырасады. Дәлме – дәл аударма жасауды Спандияр алдына мақсат етіп қойған емес. Сондықтан оның көп шығармалары Крылов оригиналдарымен сайма – сай келе бермейді. Мысалы, «Қасқыр мен тырна» оригиналында 20 жол болса, аудармада одан екі есе артық, 54 жол. «Қарашекпен мен жыланда» 19, аудармада 46, «Арыстан мен тышқан» оригиналында 33, аудармада 72 жол.

Спандияр Көбеевтің аудармалары – түпнұсқадан ерекшеленіп, өзгеше өң мен бояу арқылы жаңа бір өнер туындысы деңгейіне дейін көтерілген көркем туындылар.

С.Көбеевтің Крылов мысалдарын ағартушылық мақсатқа пайдаланбақ болғанын кез – келген мысалды оқи отырып, анық аңғаруға болады. Автордың позициясы айқын және көпшілік оқырман қауымына бірден түсінікті. Өзі оқытушы, ағартушы Спандияр оқушыларына өз ойын тік, ашық айта отырады. Өзінің шығармаларынан үлгі ал деп нұсқайды оқушыға. Осы принципті Спандияр Көбеев өзі жасаған аудармаларында берік ұстанады.

«Бай болсаң, дәулетінді көңіліңе алма,
Көршіге сенімсіздік қып қысым салма,
Мықтылықты күшің болса, орнымен қыл,
Бәрін де беретұғын жалғыз Алла,
Үлкен болсаң, кішіні кемсінбей жүр.
Неге десең, ие ғой о да жанға...»

Қрыловтың «Емен ағашы мен тал шыбық» атты мысалының аудармасын С.Көбеев осы сөздермен бастайды. Аудармашы автор халқына ақыл, өсиет сөздерін айтып алады да, «Емен мен шілік» әңгімесін соған мысал есебінде көрсетеді. «Бай болсаң дәулетіңе сеніп, көршіңе қысым жасам, үлкен болсаң, кішіні кемсінбе, кішіні кемсінген емен дауылда түбірімен қопарылып құлайды да, шілікке ештеңе де болған жоқ» деп түйіндейді автор.

Бейсенбай Кенжебаев та өз зерттеуінде автордың сұлу сөзден гөрі ағартушылыққа, ақыл – өсиетке бағытталған шығармаларына талдау жасай келе: «Спандияр, ақын емес еді. Сондықтан ол Қрыловтың мысалдарын, Абай сияқты, зор ақындық талантпен, шабытпен асқан шеберлікпен аударма алған жоқ, тек қара сөзбен, кейде еркін, кейде дәлме – дәл етіп аударып, көбінесе олардың мағынасын ғана беріп отырды. Онысы жатық, қарапайым өлең болып шыққан». [3, б. 277]

Мұны Спандияр аударған аударған мысал өлеңдерінен айқын көруге болады. Мысалы, ол «Разборчивая невеста» деген мысалды «Күйеу таңдаған сұлу қыз», «Листы и корни» деген мысалды «Ағаштың тамырлары мен жапырақтары», «Крестьянин и смерть» деген өлеңді «Шал мен өлім», «Лисица и виноград» дегенді «Түлкі мен жүзім жемісі» деп аударған. Спандияр Көбеев өзінің «Үлгілі бала» атты оқу кітабы мектеп, оқытушы, оқушылар, адам өмірі, қоғамдық тұрмыс жөнінде түсінік беретін қысқа әңгіме, өлеңдерден бастаған. Кітаптың бұл жағының негізгі идеясы «Мектепке шақыру» деген орыс тілінен аударылған өлеңмен берілген. Ол өлең былай болып келеді:

Балалар, жиналыңыз мектепке ерте,
Мәз болмай деген сөзге мырза, ерке.
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,
Зат емес надан кісі алар текке.

Жазушы орыс тіліндегі бір әңгіменің желісін бойынша «Қайыршы» деген өлең жазып, оны оқу кітабына енгізген.

Қайыршы бір мүсәпір білуші ем шал,
Үрерге ит, тігерге тұяқ болмаған мал.
Ертеден кешке дейін қайыр сұрап,
Жүруші ед көрінгенге атып амал.
Өркімнен бұл қалыппен жинағанын,
Жақсының Құдай үшін сыйлағанын.
Қарып – ғасыр, ақсақ, соқыр, нашарларға
Өзінен таратушы ед ылғи әман.

Сондай – ақ, «Қасқыр мен тырна» атты мысалдың аудармасының басындағы 20 жолдай өлеңде де аудармашы уақиғада өз көзқарасын баяндайды:

Мысалы, бір қасқыр мен бір тырнадан,
Жарар еді ғибрат алса бүкіл адам.

Спандияр Көбеевтің оқу кітабы асқан педагогтік шеберлікпен жасалған. Оның кітабындағы әрбір әңгіме мен ертеке, мысал мен өлең оқушыға өмірдің барлық саласынан түсінік, білім береді, осы арқылы мәдениетке, өнер – білімге, адамгершілікке шақырады: еңбекке, іскерлікке, қайырымдылыққа, әділдікке үйретеді.

Спандияр жастарға заманауи білім беріп, мәдениет пен өркениет көшіне ілесуге шақырды және сол жолда аянбай жұмыс атқарды.

Қорыта келгенде, айтарымыз ұстаздың шығармашылығынан қазақ жастарын қайткен күнде де біліммен сусындатып, құштарлығын арттырып, еңбекке баулу мақсаты тұрғанын көреміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Ғабдуллин, он бір томдық шығармалар жинағы VII том
2. Қирабаев С. Спандияр Көбеев, Алматы. 1958 ж; Қазақтың мемлекеттік көркем баспасы
3. Кенжебаев Б., Ояну дәуірінің әдебиеті (Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары) 2–том, Алматы, 2008 ж. «Ел – шежіре» баспасы